



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Қазан **2022**

2022 жылдың қазан айында айлық инфляция 1,6%-ға дейін аздап баяулады, жылдық мәнде бағаның 18,8%-ға дейін өскені байқалды. Жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерінің маусымдық арзандауы аяқталды, алдыңғы айларда өндіріс шығындарының өсуі аясында жұмыртқа бағасы айтарлықтай өсті. Күннің салқындауымен қысқы киім, аяқ киім және қатты отын бағасының өскені байқалады. Тұрғын үйді жалға алу – қымбаттауын тоқтатқан жоқ, энергия өндіруші компаниялардың тарифтері өскендіктен электр қуатының құны да шарықтай түсті.

Айлық инфляция 2022 жылғы қазанда 1,6% құрады, бағаның жылдық өсуі 18,8%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қыркүйекте – 17,7%).

2022 жылдың қазан айында айлық маусымдық тазартылған инфляция 1,4% деңгейінде қалыптасты. Мамырдан қыркүйекке дейін маусымдық тазартылған инфляцияның жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерінің арзандауына байланысты маусымдық түзетусіз инфляциядан асып түсуі байқалды, қазан айында жеміс-жидек пен көкөніс бағасының серпіні қымбаттау кезеңіне өтті (график 1).


График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


Әр түрлі әдістермен есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляция¹ баяулай бастады, бірақ әлі де жоғары мәндерде. Бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде проинфляциялық процестердің басым болғанын көрсетеді (график 2).

¹ Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік тауарларының инфляциясы 2022 жылғы қазанда шамамен 1 п.т.-қа ж/ж 23,1%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қыркүйекте – 22,2%). Жыл басынан бері байқалған нан өнімдері мен жарма бағасы да өсуін тоқтатқан жоқ. Ет және сүт өнімдеріне баға тез өсті. Жұмыртқа қымбаттады. Қызанақ, қияр, банан және апельсин бағасы айтарлықтай жоғары болды. Бұл ретте қант бағасының өсуі әлемдік бағаның төмендеуі аясында екінші ай қатарынан баяулайды (график 3).




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Теңгенің долларға шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсанға есептелген азық-түлікке әлемдік және ішкі бағалардың динамикасын салыстыру кезінде ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныста теңгерімсіздік сақталуына байланысты қантқа ішкі бағалар траекториясының 2022 жылғы наурыздан бастап әлемдік бағадан айтарлықтай асып кетуі байқалады.

Сонымен қатар, әлемдік және ішкі ет бағасы динамикасы біріктірілді. Нан-тоқаш өнімдері мен ұнның тұтыну бағаларының индекстері әлемдік бағытта жүреді және өсуін жалғастырып келеді. Өсімдік майы бағасының әлемдік индексі ішкі ТБИ-ден 2020 жылдың тамызынан 2022 жылдың тамызына дейін жоғары болды, 2022 жылдың қыркүйегінен бастап ішкі инфляция әлемдік бағалардың серпінінен аса бастады, егер соңғы 7 айда

әлемдік баға төмендесе, ішкі бағалар жеткізу тізбегінің бұзылуынан, теңге бағамының әлсіреуінен және өндіріс шығындарының өсуінен, керісінше, өсті.

График 4. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні ²




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсуі 2022 жылғы қазанда 17,9%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қыркүйекте – 17%). Күннің салқындауы қысқы киім мен аяқ киімнің айтарлықтай қымбаттауына ықпал етті. Қатты отынның маусымдық қымбаттауы жалғасуда. Сонымен қатар, импорттың жоғары үлесі бар тауарларға, оның ішінде құрылыс материалдарына (22,4%, г/г), тұрмыстық аспаптарға (27,1%), дәрі-дәрмекке (13,6%) және жеке пайдаланылатын тауарларға (33,1%) бағалардың тез өскені байқалады. Бұл ретте азық-түлік емес тауарлар құрылымында өткен жылдың жоғары базасы есебінен шығуынан ЖЖМ мен автомобильдер бағасы өсу тұрғысынан баяулады (график 5).

² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.


График 5. Тауарлардың жылдық азық-түлік емес инфляцияға қосқан үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2022 жылғы қазанда халық үшін **ақылы қызметтердің** инфляциясы ж/ж 13,5%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қыркүйекте – 12,3%). Абаттандырылған тұрғын үйге жалдау ақысы жоғары қарқынмен өсуді жалғастыруда, 2022 жылдың қазан айында ж/ж 46,3%-ға жетті. Білім беру қызметтері арасында балаларды даму орталықтарының қызмет құны өсті (9,3%, ж/ж). Демалыс және спорттық іс-шаралар (14,8%, ж/ж), қоғамдық тамақтану (20,3%, ж/ж) және қонақ үйге қызмет көрсету (13,0%, ж/ж) саласындағы қызметтердің бағасы өсті. Амбулаториялық қызметтер бағасының өсуі ж/ж 16,2%-ға дейін жеделдеді. Бірқатар өңірлерде электр станцияларында және энергия беруші ұйымдарда тарифтердің өсуі аясында тұтынушылар үшін электр энергиясына шекті тарифтер көтерілді (график 6).

График 6. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің салымы




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2022 жылдың қазан айында өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының тез өскені байқалады. Шығындардың көбеюіне өндіріс құралдары бағасының жоғары өсу қарқыны ықпал етеді. Осы жылдың қазан айында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағанына қарамастан, олар жоғары деңгейде қалып отыр.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының өсуі 2022 жылғы қазанда ж/ж 15,1%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қыркүйекте – 13,6%). Азық-түлік өндірушілерінің инфляциясы 22,9%-ға (26,2%) дейін баяулады, онда ет, нан-тоқаш, ұн, макарон өнімдерін, май мен тоң май өндірушілер бағасы төмендегені сезілді. Сонымен қатар, сүт өнімдерінің бағасы да тез өсті (график 7).

Ауыл шаруашылығында 2022 жылғы қазанда өндірушілер бағасының өсуі 13,4%-ға дейін баяулады (2022 жылғы қыркүйекте – 20,5%). Өсімдік шаруашылығында күнбағыс тұқымдарының (қыркүйекте 27,6%-дан қазан айында 18,4%-ға дейін), картоптың (15,5%-дан 8,7%-ға дейін), сәбіздің (15,0%-дан 1,2%-ға дейін), жемшөп дақылдарының (6,0%-дан 2,4%-ға дейін) жылдық өсу қарқынының баяулауы байқалды. Мал шаруашылығында өткен жылдың жоғары базасы аясында тірілей салмақтағы құс бағасының өсуі (14,2%-дан 9,4%-ға дейін), тауық жұмыртқасы (31,3%-дан 14,1%-ға дейін) баяулады (график 8).

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 8. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

